

СИЛЛАБУС

2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
 «6B04205 - Құқықтану» білім беру бағдарламасы
 «6B12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы
 «6B04202 – Мемлекеттік қызмет» білім беру бағдарламасы
 2, 3-курс, қаз. бөл.

Пәннің ID және атауы	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Студенттің оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
93033 Қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім)	4	1,7	3,3		5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	Бейіндеуші пәндер (БП) Жоғары оқу орны компоненті	Кіріспе; Ақпараттық; Проблемалық; Аналитикалық; Практикалық дәріс.	Семинар-дискуссия Семинар-сұхбат Аралас семинар	Универ жүйесінде тестілеу		
Дәріскер (лер)	Мухамадиева Гүлжан Нүсіпжанқызы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор					
e-mail:	mukhamadiyevagn@gmail.com					
Телефоны:	+77017073105					
Ассистент (тер)	Атаханова Гүлзағира Махатқызы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор					
e-mail:	atakan73@mail.ru					
Телефоны:	+77015099965					
Ассистент (тер)	Арын Айжан Арынқызы, PhD докторы, қауымдаст.проф.					
e-mail:	aizhan_moon777@mail.ru					
Телефоны:	+77087696550					
Ассистент (тер)	Досанов Мурат Өскембайұлы, з.ғ.к., аға оқытушы					
e-mail:	Dosanov_m@mail.ru					
Телефоны:	+7707-111-3367					
Ассистент (тер)	Досумбекова Мейрманкул Тілешқызы, аға оқытушы					
e-mail:	Mirka01@mail.ru					
Телефоны:	+77017537705					
Ассистент (тер)	Абдрахманов Данияр Саттарұлы, аға оқытушы					
e-mail:	daniyar.abdrahmanov@gmail.com					
Телефоны:	+77011002284					
Ассистент (тер)	Абиров Мақсат Ержанұлы, оқытушы					
e-mail:	A117zcm@mail.ru					
Телефоны:	+77779979797					
Ассистент (тер)	Әлімғазы Гүлмарал Серікқызы, оқытушы					
e-mail:	Altynova199@mail.ru					
Телефоны:	+7075898997					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Білім алушыларда қылмыстық процестің негізгі қағидаттары мен институттары туралы	1. Қылмыстық іс жүргізу құқығының мәнін, қағидаттарын және құқықтық көздерін меңгереді; оларды нақты құқықтық жағдайларда түсіндіріп, талдай алады;			1.1 Қойылған міндетті шешу үшін материалдық және қылмыстық-процестік құқықтың негізгі түсініктерін айқындау;		

базалық теориялық білімді, құқықтық саладағы болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру.	2. Қылмыстық процестің сатыларын, олардың мазмұны мен ерекшеліктерін сипаттай алады; әрбір сатыда қолданылатын құқықтық тетіктерді ажыратады;	1.2 Құқықтық норманың мағынасын түсіндіру;
		1.3 Құқықтық нормаларды нақты жағдаймен салыстыра білу;
		1.4 Құқықтық олқылықтарды анықтау, шешу.
		2.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жоғары қадағалау, білікті заң көмегін көрсету, сот төрелігін жүргізу барысында қолдануға жататын құқық нормаларын айқындау;
		2.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жоғары қадағалау, білікті заң көмегін көрсету,
		сот төрелігін жүргізу барысында қолдануға жататын құқық нормаларының олқылықтарын анықтау, шешу;
		2.3 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жоғары қадағалау, білікті заң көмегін көрсету, сот төрелігін жүргізу барысын реттеуші құқық нормаларын дұрыс қолдану.
	3. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық мәртебесін біледі; олардың өкілеттіктерін, құқықтары мен міндеттерін салыстыра және талдай алады;	3.1 Заңдық маңызы бар нақты деректер мен мән-жайларды анықтау;
		3.2 Анықталған фактілер мен мән-жайларды жіктеу;
		3.3 Анықталған фактілер мен мән-жайларға құқықтық баға беру;
		3.4 Құқықтық баға негізінде кеңестер беру, процестік әрекеттер жасау.
	4. ҚР Қылмыстық-процестік кодексімен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді; құқықтық баптарды қолдана отырып, процессуалдық құжаттарды (өтінішхат, қаулы, хаттама және т.б.) құрастыра алады.	4.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жоғары қадағалау, білікті заң көмегін көрсету, сот төрелігін жүргізу барысында қолдануға жататын құқық нормаларын анықтау;
		4.2 Процестік актілерді жасауға байланысты заң нормаларымен, әдістемелік нұсқаулықтармен танысып, құрастыру;
		4.3 Айыптау, қорғау сөздерін жасауда сот шешендік өнерінің тәсілдерімен танысып, оларды қолдану.
		5.1 Отандық және шетелдік қылмыстық-процестік құқық нормаларына көзбен баға беру;
	5. Құқықтық талдау жүргізу және дәлелдемелерді бағалау қабілеттерін дамытады; нақты істер бойынша заңды әрі дәлелді қорытындылар жасай алады.	5.2 Сот прецедентін жинастыру;

		5.3 Қылмыстық-процестік құқық нормаларының практикада тиімді жүзеге асырылуының кепілдіктерін көрсету.
Пререквизиттер	TGP1201 Мемлекет және құқық теориясы, KPRK 1202 Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, UP 2212 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы және ерекше бөлім).	
Постреквизиттер	AAD3220 Адвокатура және адвокаттық қызмет, PN3218 Прокурорлық қадағалау, UIP4312 Қылмыстық-атқару құқығы, Kгі 4216 Криминалистика;	
Оқу ресурстары	Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды // https://online.zakon.kz/ 2. “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралың 25.12.00 ж. ҚР конституциялық заңы // https://online.zakon.kz/ 3. “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы 05.11.2022 ж. Конституциялық заңы // http://adilet.zan.kz	
	4. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі 04.07.2014 // http://adilet.zan.kz 5. Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 5.07.2018 ж. Заңы // http://adilet.zan.kz	
	Негізгі әдебиет: 1. Қылмыстық процесс: оқулық. 3-бас. қайта өнд. толық. / Ү. Нұрмашев. - Алматы : N-PRESS, 2022. - 468 б. 2. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с. 3. Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік құқығы: дәрістер курсы / жалпы ред. Б.Х.Төлеубекова. – Алматы: Жеті жарғы, 2022. – 384. 4. Мухамадиева Г.Н. Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім): оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 162 б. 5. Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік құқығы бойынша практикум: оқу-практикалық құралы / Б. Б. Арстанбаева, С. Н. Кадацкий, Ж. К. Нұрмағанбетова. - Алматы : ЖШС "Лантар Трейд", 2022. - 160 б. Қосымша әдебиет: 1. Левченко О.В. Прокурорский надзор в досудебном производстве уголовного процесса Республики Казахстан, 2022 // https://cyberleninka.ru/article/n/prokurorskiy-nadzor-v-dosudebnom-proizvodstve-ugolovnogo-protsessa-respubliki-kazahstan 2. Төлеубекова Б.Х. Функции прокуратуры и их дифференциация по законодательству Республики Казахстан. Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения, 2021 // https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-prokuratury-i-ih-differentsiatsiya-po-zakonodatelstvu-respubliki-kazahstan Зерттеушілік инфрақұрылымы 1. Білім берушілік пен білім алушылық жүретін лабораториялар мен жерлер (орындар) 2. Кафедраның ғылыми-әдістемелік, оқу және оқу-әдістемелік кешендері Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы 1. https://academy-gp.kz/?page_id=97&lang=ru 2. https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk 3. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155 Интернет-ресурстар 1. Уголовно-процессуальное право. Видеолекции// https://www.youtube.com/watch?v=7mqXeMbdBg4 2. Единое окно доступа к информационным ресурсам // http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461 3. https://open.kaznu.kz/courses/course-v1:kaznu+UPP+2022-2023C_1/about Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.	
Пәннің академиялық саясаты	Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен	

семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон: +77017073105, e-mail: mukhamadiyevagn@gmail.com немесе https://us04web.zoom.us/j/2559201022?pwd=wNqI0nVSwoF9L6MAhX4b74I7e2ta2.1&omn=74244042484 ZOOM бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.															
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ															
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері												
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға												
A	4,0	95-100	Өте жақсы												
A-	3,67	90-94													
B+	3,33	85-89	Жақсы												
Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен															
			аракатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.												
B	3,0	80-84	<table><tr><td>Формативті және жиынтық бағалау</td><td>% мәндегі баллдар</td></tr><tr><td>Дәрістердегі белсенділік</td><td>-</td></tr><tr><td>Практикалық сабақтарда жұмыс Істеуі</td><td>20</td></tr><tr><td>Өзіндік жұмысы</td><td>40</td></tr><tr><td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td><td>40</td></tr><tr><td>ЖИЫНТЫҒЫ</td><td>100</td></tr></table>	Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік	-	Практикалық сабақтарда жұмыс Істеуі	20	Өзіндік жұмысы	40	Қорытынды бақылау (емтихан)	40	ЖИЫНТЫҒЫ	100
Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар														
Дәрістердегі белсенділік	-														
Практикалық сабақтарда жұмыс Істеуі	20														
Өзіндік жұмысы	40														
Қорытынды бақылау (емтихан)	40														
ЖИЫНТЫҒЫ	100														
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық												
C+	2,33	70-74													
C	2,0	65-69													
D+	1,33	55-59													
D	1,0	50-54													

FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлық		
F	0	0-24	ыз		
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.					
Апта / модуль	Тақырып атауы			Сағат саны	Ең жоғары Балл
МОДУЛЬ 1. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ					
1	Д. 1 Қылмыстық процестің түсінігі мен мәні (Кіріспе дәріс).			1	
	ПС 1 «Қылмыстық процестің түсінігі мен мәні» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	
2	Д. 2 Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы және қылмыстық сот өндірісінің институттарының дамуы (Проблемалық дәріс).			1	
	ПС 2 «Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы және қылмыстық сот өндірісінің институттарының дамуы» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	
3	Д. 3 Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидалары (Аналитикалық дәріс).			1	
	ПС 3 «Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидалары» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	
	СОӨЖ 1. СӨЖ 1 орындау бойынша консультация				
4	Д. 4 Қылмыстық процесс қатысушылары ұғымы және оларды топтау. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар (Аналитикалық дәріс)			1	
	ПС 4 «Қылмыстық процесс қатысушылары ұғымы және оларды топтау. Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	8
5	Д. 5 Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар (Проблемалық дәріс)			1	
	ПС 5 «Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар. Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	8
	СОӨЖ 2. https://open.kaznu.kz/ қашықтан оқыту жүйесіне тіркелу, МООСпен таныстыру				
	СӨЖ 1. 1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 7- бабы бойынша тест (30) және ситуациялық есептер (5) құрастыру (Ситуациялық тест, есеп құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып). 2) 1-3 дәріс тақырыптары бойынша https://open.kaznu.kz/ қашықтан оқыту жүйесіндегі МООС/SPOC тапсырмаларын орындау.				30
МОДУЛЬ 2. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІН БОЛҒЫЗБАЙТЫН МӘН-ЖАЙЛАР. ӨТІНІШХАТТАР. ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР МЕН ДӘЛЕЛДЕУ					
6	Д. 6 Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру (Аналитикалық дәріс).			1	
	ПС 6 «Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	8
7	Д. 7 Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (Өзекті дәріс).			1	
	ПС 7 «Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.			2	8
	СОӨЖ 3. СӨЖ 2 орындау бойынша консультация				
СӨЖ 2 1) «Қылмыстық қудалау. Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптау істері. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар» тақырыбына ситуациялық тест сұрақтарын және есептер құрастыру және шешу (Ситуациялық тест, есептер құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа ала отырып). 2) 4, 5 дәріс тақырыптары бойынша https://open.kaznu.kz/ қашықтан оқыту жүйесіндегі МООС/SPOC тапсырмаларын орындау..					30

8	Д. 8 Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау (Аналитикалық дәріс).	1	
	ПС 8 «Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	8
8	АБ 1		100
9	Д. 9 Қылмыстық процестегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері (Практикалық дәріс)	1	
	ПС 9 «Қылмыстық процестегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
10	Д. 10 Қылмыстық процестік дәлелдеудің негіздері (Проблемалық дәріс).	1	
	ПС 10 «Қылмыстық процестік дәлелдеудің негіздері» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
	СОӨЖ 4. СӨЖ 3 орындау бойынша консультация		
	СӨЖ 3 1) Процестік актілер жасау. 2) 9-15 дәріс тақырыптары бойынша https://open.kaznu.kz/ қашықтан оқыту жүйесіндегі МООС/SPOC тапсырмаларын орындау.		30
МОДУЛЬ 3. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ			
11	Д. 11 Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары. Күдіктіні ұстап алу (Өзекті дәріс)	1	
	ПС 11 «Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары. Күдіктіні ұстап алу» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
12	Д. 12 Бұлтартпау шаралары (Практикалық дәріс).	1	
	ПС 12 «Бұлтартпау шаралары» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
13	Д. 13 Өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары (Аналитикалық дәріс)	1	
	ПС 13 тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
14	Д. 14 Қылмыстық процесте шешілетін мүлктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу (Проблемалық дәріс).	1	
	ПС 14 «Қылмыстық процесте шешілетін мүлктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	5
15	Д. 15 Қылмыстық процесте азаматтық талаптың түсінігі, маңызы және қарастырылу тәртібі (Өзекті дәріс).	1	
	ПС 15 «Қылмыстық процесте азаматтық талаптың түсінігі, маңызы және қарастырылу тәртібі» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	5
	СОӨЖ 5. СӨЖ 4 орындау бойынша консультация		
	СОӨЖ 6. https://open.kaznu.kz/ қашықтан оқыту жүйесіндегі МООС бойынша қорытынды бақылау жөнінде консультация		
	СӨЖ 4. Универ жүйесінде тестілеу		30
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Факультет деканы

У.А.Ахатов

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитеттің төрайымы

А.А.Урисбаева

Кафедра меңгерушісі

Р.Е. Джансараева

Дәріскер

Г.Н. Мухамадиева



**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**СӨЖ 1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 7- бабы бойынша
тест (30) және ситуациялық тест сұрақтарын (5) құрастыру**

Критерийі	«Өте жақсы» 20-30 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің терминдері мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 7- бабы бойынша теориялары мен тұжырымдамалардың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда талқыланған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	Сұрақтың толық, бірақ егжей-тегжейлі емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	Сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді Үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 7- бабы бойынша негізгі ұғымдарын, теорияларын білмеу; Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, нақты және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасау.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагментті түрде баяндалады, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге, Үстірт қолданылатын курстың теориялық білімдеріне жол беріледі.	Байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.

СӨЖ 2. 1) «Қылмыстық қудалау. Жекеше, жекеше-жариялы және жариялы қудалау және айыптау істері. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар»

Критерийі	«Өте жақсы» 20-30 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің терминдері мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Қылмыстық қудалау және іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар туралы теориялары мен тұжырымдамалардың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда талқыланған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	Сұрақтың толық, бірақ егжей-тегжейлі емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	Сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді Үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.	Қылмыстық қудалау және іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар туралы негізгі ұғымдарын, теорияларын білмеу; Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, нақты және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасау.

Тандалған Әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды..
---	---	---	---	--

СӨЖ 3. Процестік актілер жасау: Сот, прокурордың қызметі бойынша

Критерийі	«Өте жақсы» 20-30 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің терминдері мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Сот, прокурордың қызметі бойынша теориялары мен тұжырымдамалардың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда талқыланған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	Сұрақтың толық, бірақ егжей-тегжейлі емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	Сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді Үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.	Сот, прокурордың қызметі бойынша негізгі ұғымдарын, теорияларын білмеу; Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, нақты және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасау.
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагментті түрде баяндалады, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге, Үстірт қолданылатын курстың теориялық білімдеріне жол беріледі.	Байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.